

**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
№8 хаттамасы**

Астана қаласы

2024 жылғы 26 қараша

Төрағалық еткен: Р.С. Ошақбаев.

Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері: Ө.Қ. Болсамбеков, И.О. Вранчев, Б.С. Дүйсембинов, Л.К. Жақыпова, Д. Рахметуллин, Д.Н. Тұрғанов, Т.Б. Әбілмәжінов, А.А. Саданов, О.Ж. Жолдасов, Қ.С. Дүйсембеков, «Qosyl» арқылы онлайн режимде: С.Ж. Адамбаев, М.А. Әбенев, Д.О. Әбибуллаев, Ж.К. Ахметова, Н.Н. Балабаева, Н.О. Дулатбеков, Ж.З. Қосыбаев, А.Г. Орлова, Қ.Х. Рахымбердин, О.Т. Сыздықов, О.Ю. Тарабукина, Б.Ж. Төйкебаева, Ш.Қ. Хасанова, Ө.Қ. Түгел.

Шақырылғандар: ІІМ-нің Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаменті басқарма бастығының орынбасары Ш.К. Көшербаева.

**1. Ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы**

*(Р.С. Ошақбаев, А.А. Саданов, Д. Рахметуллин, Л.К. Жақыпова, Д.Н. Тұрғанов,
И.О. Вранчев, Қ.С. Дүйсембеков, Б.С. Дүйсембинов)*

1. ІІМ Өзіндік қауіпсіздік департаментінің бастығы А.А. Садановтың ақпараты назарға алынсын.

2. Ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, тәртіп пен заңдылықты сақтау бойынша жүйелі жұмысы атап өтілсін.

3. ІІМ жеке қауіпсіздік департаментіне:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын сапалы іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Кадр саясаты департаментімен бірлесіп, өзіндік қауіпсіздік бөліністерінің штат санын ұлғайту мәселесін пысықтау;

3) жеке құрам арасында адалдықты тексеру жүргізу бойынша «integrity check» іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды жалғастыру;

4) ІІО қызметкерлеріне, әсіресе тәртіп бұзуға бейім қызметкерлерге қатысты алдын алу жұмыстарын жалғастыру;

5) тәртіп бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған жеке құрам үшін ұдайы тренингтер өткізу;

6) кандидаттарды басшылық лауазымдарға іріктеу және тағайындау кезеңдерінде тексеру іс-шараларын күшейту **ұсынылады.**

4. Ақпарақтық саясат департаментіне Қоғамдық кеңес мүшелерін тарта отырып, қоғамда ІІО-ның оң имиджін қалыптастыру бойынша жүйелі шаралар кешенін қабылдау, оның ішінде:

1) ІІО қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің нақты батыл әрекеттері негізінде деректі және көркем фильмдер арқылы, сериалдар жасау;

2) азаматтық қоғам өкілдерінің ІІО-ның жұмысын кең жариялау;

3) ІІО-ның қызметіне қатысты, оның ішінде әкімшілік, криминалдық полиция, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл қызметтерінің құзыреті бойынша бағдарлама циклін шығаруды қамтамасыз ету;

4) азаматтар арасында сұранысқа ие контент құру, сондай-ақ ведомстволық әлеуметтік желілердің жазылушыларын арттыру **ұсынылады.**

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, оның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру

(Р.С. Ошақбаев, Ш.К. Көшербаева, Д. Рахметуллин, Л.К. Жақыпова, Д.Н. Тұрғанов, И.О. Вранчев, Қ.С. Дүйсембеков, Б.С. Дүйсембинов)

1. ІІМ-нің Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаменті басқармасы бастығының орынбасары Ш.К. Көшербаеваның ақпараты назарға алынсын.

2. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің адам саудасына қарсы іс-қимылдағы жүйелі жұмысы атап өтілсін.

3. ІІМ-нің Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментіне:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, оның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

2) Қоғамдық кеңеспен өзара іс-қимыл жасау кезінде Департамент қызметінде цифрлық шешімдерді қолдану бойынша бірлескен іс-шараларға (*Хакатон форматында*) қатысу;

3) кәмелетке толмағандарды және жыныстық қанауға ұшыраған басқа адамдарды анықтау мақсатында, Кеңес ұсынған «Kizdar.net» сайтында тіркелген тұлғалардың абоненттік нөмірлерінің тізімін тексеру бойынша жұмысты жалғастыру;

4) Қоғамдық кеңеспен өзара іс қимыл жасай отырып, «Kizdar.Net» интернет сайтты бұғаттау мәселелері бойынша Қазақстандағы Германия Елшілігінің өкілдерімен кездесу ұйымдастыру мәселесін пысықтау;

5) азаматтарды адам саудасының тәуекелдері туралы хабардарлығын арттыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және білім беру мекемелерінде тұрақты ақпараттық кампаниялар жүргізу;

6) мигранттар үшін құқықтық қорғау және пайдалану тәуекелдері туралы ақпараттық материалдар дайындау;

7) адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері үшін (*полиция, мемлекеттік еңбек инспекциясы, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру органдары, дипломатиялық өкілдіктер, Шекара қызметі, туристік қызмет субъектілері, жеке жұмыспен қамту агенттіктері, көлік инфрақұрылымы объектілері*) оқытуды ұйымдастыру;

8) оларды практикаға енгізу мүмкіндігін қарастыра отырып, адам саудасына қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық озық тәжірибелерді зерделеу мақсатында халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды нығайту **ұсынылады.**

4. Ақпарат және байланыс департаментіне ІІО жүйесінде жасанды интеллектің пайдалануын кеңейту **ұсынылады.**

5. Кадр саясаты департаментіне Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментімен бірлесіп:


- ІІМ-нің ведомстволық оқу орындарының базасында адам саудасына қарсы іс-қимыл бөліністерінің қызметкерлері үшін біліктілікті арттыру курстары мен тренингтер өткізуді жалғастыру;

- ІІО-ға қабылдау және жоғары тұрған лауазымдарға тағайындау кезінде полиграфологиялық зерттеу нәтижелерін пайдалануды заңнамалық реттеу мәселесін қарастыру **ұсынылады.**

6. Ақпараттық саясат департаменті Кеңестің отырысы және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында және ведомстволық интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз ету ұсынылады.


Қабылданған шаралар мен жұмыс нәтижелері туралы Қоғамдық кеңес хатшылығын **2024 жылғы 25 желтоқсанға** дейін хабардар етсін.

Ішкі істер органдары
қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес төрағасы



Р. Ошақбаев

Ішкі істер органдары
қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес хатшысы



Қ. Елубаев